

8D012 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы (6D010100 – Мектепке дейінгі білім және тәрбиелеу) мамандығының бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Мамытбаева Жанат Абдиманаповнаның «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту» тақырыбында диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшісінің

ПКІРІ

Қазақстан Республикасындағы білім беру саласының дами түсүі, оның динамикасының жаңа өзгерістерге бетбұрыс жасауы, еліміздің тұтас дамуындағы жаңа белестің көрініс табуын көрсетеді. Жоғары білім беру орындарында білім беру технологияларымен болашақ мамандарға білімді беруге емес, білімді игеру мен терендетуге, зерттеуге, жаңаша ойлауға, өзін-өзі тәрбиелеуге, мотивациясын арттыруға және т.б. қызығушылықтарын арттыруға бағытталған білім құрамы ретінде кеңінен қолдануға болады.

Осы түрғыдан алғанда Мамытбаева Жанат Абдиманаповнаның «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту» тақырыбындағы зерттеу жұмысының өзектілігі сөзсіз.

Диссертациялық жұмыста болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту бағытындағы ғылыми еңбектерге және болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің қазіргі таңдағы педагогикалық тәжірибесіне талдау жасалынған.

Отандық және халықаралық зерттеулерді басшылықта ала отырып, докторант «зерттеушілік», «зерттеушілік іс-әрекет», «жобалап оқыту технологиясы» ұғымдарына өзіндік сипаттама бере отырып, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың әдіснамалық тұғырлары мен құрылымдық - мазмұндық моделі айқындалып, оның тиімділігін жүзеге асыру эксперимент арқылы дәлелденген.

Докторант зерттеу жұмысының нәтижесінде тәмендегідей нәтижеге қол жеткізгенін айтудыңызға болады:

Біріншіден жобалап оқыту технологиялары арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым мамандарының зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың педагогикалық, психологиялық, ғылыми-әдістемелік еңбектерге талдау арқылы «зерттеушілік іс-әрекет», «жобалап оқыту технологиясы» ұғымдардың мәні ашылып, нақтыланған.

Екіншіден болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың мазмұны мен жобалап оқыту технологиялары нақтыланып, оны жүзеге асырудың мүмкіндіктері айқындалған.

Үшіншіден болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың

құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, өлшемдері мен көрсеткіштері жасалынған

Төртіншіден болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың әдістемесі жасалынып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелденген.

Зерттеудің мақсат-міндеттеріне сәйкес оқыту үдерісіне Мамытбаева Жанат Абдиманаповнаның «Студенттерге жобамен жұмыс жасауға арналған әдістемелік нұсқау», «Жобалап оқытуудың негіздері» әлективті курсының оку-әдістемелік кешені ендірілген.

Докторант диссертациялық жұмысын толық аяқтаған, алға қойған мақсат-міндеттеріне қол жеткізген. Зерттеу жұмысын орындау барысында Ж.А.Мамытбаеваның сауаттылығы, ізденімпаздығы байқалады. Зерттеу жұмысының мазмұны тақырып аясында нақты баяндалған. Диссертациялық жұмыста қарастырылған зерттеу мәселесі толық жан-жақты ашылған, зерттеу нысанына қатысты көптеген ғылыми еңбектерге талдаулар жасаған.

Мамытбаева Жанат Абдиманаповнаның «8D012–Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту педагогикасы» (6D010100 – Мектепке дейінгі білім және тәрбиелеу) мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту» тақырыбындағы жұмысын Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде 8D012– Мектепке дейінгі білім және тәрбиелеу мен оқыту педагогикасы» (6D010100 – Мектепке дейінгі білім және тәрбиелеу) мамандығы бойынша құрылған Диссертациялық Кеңесінде қорғауға ұсынамын.

Отандық ғылыми кеңесші:
Абай атындағы ҚазҰПУ
профессоры, п.ғ.к.

